

2012 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы

Құрметті депутаттар!

2012 жылдың ішінде Қазақстан экономикасы әлемдік экономика өсімі қарқындарының төмендеуі жағдайларында дамыды.

Мәселен жалпы ішкі өнімнің 5% деңгейде өсуіне қол жеткізілді, бұл өсімнің жоспарланған өлшемдерінен 1%-ға төмен. Тау-кен өндіру өнеркәсібі және металлургия өніміне сыртқы сұраныстың қысқаруы, сондай-ақ өсімдік шаруашылығы жалпы өнімі өндірісінің 27,7%-ға құлдырауы және мұнай өндірудің жоспардағы 81 млн. тоннада 79,2 млн. тоннаға дейін төмендеуі жоспарға толық қол жеткізбеу себептері болды **(1-слайд)**

Тауарларды өндіру салаларында дамудың төмендеуі көрсетілетін қызметтер саласымен өтелді. Айталық, көлік қызметтері 7,2%-ға, байланыс қызметтері 9,6%-ға өсті. Көтерме және бөлшек сауда өсімі 14,6%-ды құрады.

Мемлекет Басшысының «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» және «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауларында қойған міндеттерді іске асыру үшін, сондай-ақ елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2012 – 2016 жылдарға арнап түзетілген болжамдарына сәйкес 2012 жылдың ішінде республикалық бюджетті нақтылау жүргізілді. **(2-слайд)**

Осылайша екі нақтылауды есепке ала отырып, 2012 жылда республикалық бюджетке түсетін түсімдер жоспары орындалды. Атқару көрсеткіші **100,7%-ды** немесе 7,4%-ға өсе отырып, **4 889,2** млрд.теңгені құрады. **(3-слайд)**

Кірістер 4 763,4 млрд.теңге сомасында түсті немесе атқару 100,7%-ды құрады, оның ішінде **салықтық түсімдер** - 2 975,6 млрд.теңге немесе 100,8%, **салықтық емес түсімдер** – 249,9 млрд.теңге немесе 103,6%, **негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер** – 17,3 млрд.теңге немесе 87,7% және **трансферттер** 1 520,7 млрд.теңге немесе 100,2% түсті. **(4-слайд)**

Кіріс бөлігінің артығымен орындалуы (33,5 млрд. теңге) негізінен 23,9 млрд. теңгеге салықтық түсімдердің есебінен алынды **(5-слайд)**.

Жоспардың осылай артығымен орындалуы 63,9 млрд. теңге сомаға негізінен қосылған құн салығы бойынша, халықаралық сауда-саттық пен операцияларға салынатын салық бойынша, табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін түсім бойынша, импортқа салынатын акциз бойынша қалыптасты.

Жалпы қосылған құнның жоспарланған атаулы өсіміне 4,8%-ға, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібі бойынша 7,5%-ға, өңдеу өнеркәсібі бойынша 0,7%-ға қол жеткізе алмауға байланысты корпоративтік табыс салығы бойынша жоспар 40 млрд. теңгеге орындалған жоқ.

Алдыңғы жылға қарағанда корпоративтік табыс салығының түсімі 9,2 млрд. теңгеге төмендеді. Бұл ретте экономиканың шикізатқа жатпайтын секторының төлеушілерінен түсетін түсімдердің белгілі бір пайда өсімін көрсетіп отырғанын атап өткім

келеді, корпоративтік табыс салығы бойынша түсімдердің 11,4%-ға өсімі оның индикаторы болып табылады. Сонымен қатар осы санаттағы салық төлеушілердің саны 8,9%-ға немесе 5,3 мыңға ұлғайды.

Корпоративтік табыс салығының орындалмауы мынадай салықтар бойынша жоспардың артығымен орындалуымен өтеледі.

Қосылған құн салығы бойынша 27,5 млрд. теңгеге немесе жоспарға 103,1%-ға, оның ішінде бюджеттен қосылған құн салығының жоспарланған 8,8%-ға қарағанда іс жүзінде аз қайтарылуы себепті іште өндірілетін тауарлар бойынша (қайтарым 495 млрд. теңге сомасында жоспарланды, іс жүзінде 451,1 млрд. теңге қайтарылды).

Бұл ретте импортқа салынатын қосылған құн салығы бойынша жоспар 3,7 млрд. теңге сомаға орындалған жоқ, ол импорттың 17,4%-ға болжамды өсімінің есебінен 727,1 млрд. теңге сомасында жоспарланды, 15% іс жүзінде қалыптасқан өсімде 723,4 млрд. теңге түсті.

Бұл ретте қосылған құн салығының кіші сыныбы бойынша жалпы алғанда жоспар орындалды.

Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер бойынша атқару жоспарға 106,1%-ды құрады, жоспардың 13,0 млрд. теңгеге артық орындалуы пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін ақы төлеу есебінен қалыптасты.

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық бойынша жоспар 6,7 млрд.теңгеге немесе 104,4%-ға артығымен

орындалды, бұл жекелеген компаниялардың 2012 жылғы желтоқсанда 2013 жылдың салық міндеттемелерін уақытынан бұрын төлеуіне байланысты.

Радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін ақы төлеу 5,3 млрд. теңгеге артығымен орындалды, төртінші буынның мобильді байланысын енгізуге арналған жолақты бөлгені үшін «Қазақтелеком» акционерлік қоғамынан біржолғы төлемнің түсуіне байланысты, жоспардың орындалуы 163,5%-ды құрады.

Халықаралық сауда-саттық пен операцияларға салынатын салықтар бойынша жоспар шикі мұнайға және мұнайдан өндірілген тауарларға экспорттық кеден бажының есебінен, негізінен мұнай өнімдері экспортының өсімі есебінен 22,6 млрд. теңгеге артығымен орындалды.

Мемлекеттік материалдық резервті жаңарту тәртібімен шығарылатын материалдық құндылықтарды сатып алуға әлеуетті сатып алушылардың болмауына байланысты **негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша** жоспар 2,4 млрд.теңгеге орындалған жоқ.

Салық органдары бюджетке бересі сомасын қысқарту жөнінде жұмыстар жүргізуде.

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бересі 81,3 млрд.теңгені құрады, 2012 жылдың басымен салыстырғанда 3,6 есеге қысқарды (01.01.2012 ж. бересі 224,2 млрд. теңгені құрады) **(6-слайд).**

Анықтама ретінде, **81,3 млрд.теңгеден:**

Өндіріп алуға үмітсіз 32,9 млрд.теңге, олар бойынша материалдар жалған кәсіпкерлік белгілерінің болуына байланысты құқық қорғау органдарына берілді.

21,0 млрд.теңге сомада бересі қазіргі уақытта өндіріп алу мүмкін емес проблемалы салық төлеушілерде анықталды, (9,7 млрд.теңге – халықаралық төрелікте

талқылау жүргізілуде («Қазполмұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Толқынмұнайгаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі); 9,3 млрд.теңге – үлестік құрылысқа байланысты компаниялар бойынша, олардың мүлкі құрылыс компаниясына тіркелген, ал іс жүзінде меншік иесі проблемалы құрылыс компанияларының үлескерлері болып табылады; 2,0 млрд.теңге – басшылары Қазақстан Республикасының аумағында жоқ шетелдік компаниялардың жұмыс істемейтін филиалдары бойынша).

27,4 млрд.теңге мөлшеріндегі бересінің қалған сомасы жүргізілген салық тексерулерін есепке ала отырып, ағымды бересіге тура келеді. Көрсетілген бересіге қатысты салық органдары тиісті шаралар қолданды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері 2012 жылы 3 843,9 млрд.теңгеге толықтырылды және 2013 жылғы 1 қаңтарда 10 446,5 млрд.теңгені құрады, оның ішінде инвестициялық кіріс 383,7 млрд. теңге сомасында, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 3,4 есеге көп. Негізгі үлесті (88,8 %) мұнай секторынан түсетін тікелей салықтар құрады.

2012 жылға арналған республикалық бюджет шығыстары 5 795,7 млрд.теңгені құрады немесе жоспарға 99,3%. 2011 жылмен салыстырғанда республикалық бюджет шығыстарының өсуі 668,4 млрд.теңгені құрады. **(7-слайд)**

41,6 млрд.теңге пайдаланылмай қалды. **(8-слайд)**

Бұл ретте, Бюджет кодексіне 2012 жылы енгізілген өзгерістерге сәйкес (Қазақстан Республикасының Үкіметінің резервін пайдалануға бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджетте көзделген шығыстар толық бөлінбеген жағдайда, бөлінбеген сома бюджеттің атқарылмауы болып табылмайды) бюджет 24,2 млрд.теңгеге атқарылған жоқ және шығыстардың жалпы сомасында оның үлесі 0,4 %-ды құрады, ол өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 0,3 пайыздық тармаққа аз.

Анықтама: пайдаланылмаған 41,6 млрд.теңге туралы:

- 17,4 млрд.теңге – Үкімет резерві бойынша бөлінбеген қаражат қалдығы;
- 6,2 млрд. теңге жалпымемлекеттік шығыстар бойынша үнемдеу, оның ішінде 0,5 млрд.теңге өкілдік шығындар бойынша, 5,7 млрд.теңге үкіметтік қарызға қызмет көрсету бойынша;

- 2,3 млрд. теңге мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша, еңбекақы төлеу қоры, әлеуметтік салық, банктік қызметтер бойынша, штаттан тыс қызметкерлердің жалақысы, бағамдық айырма бойынша үнемдеу және пайдаланылмаған қаражат қалдығы;

- 6,1 млрд.теңге мердігерлер шарттық міндеттемелерді орындаған жоқ (орындалған жұмыстардың актілері ұсынылған жоқ, техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмейтін тауарлар ұсынылды, тауарларды жеткізудің болмауы).

Қалған 9,6 млрд.теңге бюджет қаражатын тиімсіз басқару себебі бойынша **игерілмеген**, бұл конкурстық рәсімдерді уақтылы өткізбеу, оларды өткізу мерзімдерін кейінге қалдыру, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша нормативтік құқықтық актілерді уақтылы қабылдамау.

Игерілмей қалған 24,2 млрд.теңгеден 11,1 млрд.теңге жалғастырылып отырған даму бюджеттік бағдарламалары және іске асыру мерзімі бір жылдан астам ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша 2012 жылы тіркелген міндеттемелердің төленбеген бөлігін қаржыландыруға бюджет заңнамасына сәйкес ағымдағы жылы пайдаланылады.

Құрметті депутаттар, еліміздің экономикасының негізгі салаларындағы бағдарламаларды іске асыру қорытындыларына тоқталуға рұқсат етіңіздер.

Әлеуметтік салаға арналған шығыстар соңғы 10 жылда 10,5 есеге ұлғайды. 2002 жылы осы шығыстар 204,8 млрд.теңгеге жүргізілген болса 2012 жылы 2 143,9 млрд.теңгені құрады **(9-слайд)**.

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап ортақ зейнетақы мөлшерлері 9 % (пайызға) көтерілді, әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерлері 7 % артты.

Базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері күнкөріс минимумы мөлшерінен 9% көтерілді және 8 720 теңгені құрады. Базалық

зейнетақы төлемдері мөлшерінің артуын ескере отырып, зейнетақы төлемдерінің ең аз мөлшері 26 211 теңгені, орташасы – 38 765 теңгені, ең көбі – 56 047 теңгені құрады.

Базалық әлеуметтік төлемдер мөлшерлерін есептеу үшін күн көріс минимумының шамасы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 17 439 теңге сомада белгіленді (2011 жылы 15 999 теңге).

2012 году 97,3 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек берілді, оның ішінде 62,3 % (пайыздан) астамы 18 жасқа дейінгі балалар.

2012 жылы жұмыссыздықты азайтуға бағытталған жұмыспен қамту стратегиясын іске асыру жалғастырылды. Есепті жылы осы бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен өңірлерге 57,7 млрд.теңге бөлінді, оның ішінде өңірлер 55,8 млрд.теңгені игерді. Болжамды деректерге қарағанда бағдарламаға қатысушылар санының төмендеуі өңірлердің қаражатты игермеуінің негізгі себебі болып табылады. **(10-слайд)**

Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберінде 2012 жылы 24,3 млрд.теңге жұмсалды, оның ішінде кәсіби оқуға 15,4 млрд.теңге жұмсалды, еңбекақы төлеміне - 3,4 млрд.теңге, жастар практикасына қатысушылардың еңбекақысын төлеуге - 2,7 млрд.теңге. 74 мың адамның оқуды аяқтағаны, оның 41 мың адамы тұрақты жұмыс орындарына орналастырылғаны осы бағытты іске асыру нәтижесі болып табылады. Айлық жалақының орташа мөлшері 44,8 тыс. теңгені құрады.

Бағдарламаның екінші бағыты болып табылатын ауыл тұрғындарына шағын кредит беруге 2012 жылы 12,7 млрд.теңге жұмсалды. Осы бағытты іске асыру басталғаннан бері 6 мың

адамнан астамы кредит алды, кәсіпкерлік негіздеріне шамамен 6,3 адам оқып үйренді.

Экономикалық өсу тұрғысынан тоқырауға ұшыраған өңірлерден еңбекке қабілетті жастағы адамдардың қоныс аударуын қамтамасыз ету бағдарламаның 3-ші бағытының міндеті болып табылады. 10,1 млрд.теңге республикалық бюджеттен 9,0 млрд.теңгені өңірлер игерді. 2013 жылғы 1 қаңтарға 764 үй салынды, 8115 адам көшірілді, оның 61% (пайызы) жұмысқа тұрғызылды.

2012 жылы бағдарлама «Ауыл инфрақұрылымын дамыту» деген тағы бір бағытпен кеңейтілді және 9,9 млрд.теңге бөлінді, оның ішінде 9,8 млрд.теңге игерілді. Осы бағыттағы 563 жоба толығымен аяқталды, ауылды жерлерде 7,3 мыңнан астам жұмыс орындары құрылды.

Тұрмыс дәрежесі сапасын арттыру және ұлттың денсаулығын нығайту үшін 2012 жылы «Саламатты Қазақстан» денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғастырылды, оған 78,4 млрд.теңге бөлінді. **(11-слайд)**

Бағдарламаның өткізілген іс-шаралары нәтижесінде ана өлімінің көрсеткіші 2012 жылы 22 % (пайызға) азайды. Нәресте өлімінің көрсеткіші 9 % (пайызға) азайды. Қатерлі ісіктерден өлу көрсеткіші 3% (пайызға) азайды. Туберкулезбен ауру 5,7% (пайызға) азайды, жалпы өлім есепті кезеңде 2,3% (пайызға) азайды.

Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін ұйымдардың саны 2011 жылмен салыстырғанда 60,2 % артты және 149 құрады.

Медициналық технологиялар тізбесі 268-ден 341-ге дейін кеңейтілді: кардиохирургия, трансплантология, нейрохирургия, онкология.

Білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 2012 жылы 111,4 млрд.теңге бағытталды. Бұл ретте республикалық бюджет есебінен – 90,3 млрд.теңге, жергілікті бюджет есебінен – 21,1 млрд.теңге. **(12-слайд)**

Техникалық және кәсіби білім алу саласында 6 381 адам, жоғары және жоғарыдан кейінгі білім алу саласында - 5 864 біліктілігін арттырудан өтті. Біліктілікті арттырудың қазіргі жүйесінде 2 825 маман қызмет атқарады, оның ішінде 100 адам ғылым кандидаты мен докторы.

2012 жылы білім берудің 537 ұйымында электрондық оқыту жүйесі енгізілді.

Елімізде 7 «Назарбаев зияткерлік мектебі» жұмыс істейді (Астанада - 2, Өскеменде, Көкшетауда, Семейде, Талдықорғанда, Оралда).

2012 жылы 113 мектеп салынды және пайдалануға енгізілді, оны ішінде 56 республикалық бюджет есебінен.

Экономиканың мұқтаждарын білікті кадрлармен қамтамасыз ету жөнінде мақсаттарға қол жеткізу үшін 2012 жылы оқу орындарында техникалық және кәсіби білім беру желісін дамыту бойынша жұмыс жүргізілді. Астана қаласында енгізілген 840

оқушы орынына кәсіби лицей салу аяқталды. 2012 жылы оқу орындарының шеберханалары мен зертханаларын оқу-өндірістік заманауи жабдықпен жарақтандыру үшін 2012 жылы 4,8 млрд.теңге бөлінді, оның ішінде 2,4 млрд.теңге республикалық бюджеттен.

2012 жылы мектепке дейінгі ұйымдар саны 8 590 құрады, 2011 жылға қарағанда өсім 494 ұйымды құрады. Мектепке дейінгі мекемелерге баратын балалардың жалпы саны – 644,3 мың немесе 2011 жылмен салыстырғанда 56,3 мың балаға артық.

«Балапан» бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2011 жылмен салыстырғанда мектепке дейінгі балалар мекемелерінің желісі 999 бірлікке артты, 81 бала бақшасын салу есебінен, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен 26 бірлік; 462 шағын орталық және 317 жеке бала бақша ашу есебінен; 139 бала бақша енгізудің басқа да тәсілдерінен (оның ішінде: бұрын жекешелендірілгендерді қайтару, тұрғын үйлердің 1-інші қабаттарында ашу, жалға берілген коммуналдық меншіктің жеке тұрған ғимараттарын босату, балалар бақшасын ашу үшін жарамды өзге де үйлер мен ғимараттарды беру).

2012 жылы Қолжетімді тұрғын **үй -2020 бағдарламасын** іске асыру басталды, ол үшін республикалық бюджеттен 131,9 млрд.теңге бөлінді, өңірлер 121,8 млрд.теңгені игерді. **(13-слайд)**

Бағдарламаға сәйкес 2012 жылы қаржыландырудың барлық көздері есебінен 6,1 млн.м² тұрғын үйді пайдалануға енгізу, оның ішінде республикалық қаражат есебінен көзделген. Тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың барлық көздері бойынша 407 млрд.теңге инвестиция жіберілді. Пайдалануға 6,7 млн.м² тұрғын үй енгізілді. Жылдық жоспарға тұрғын үйді енгізу пайызы 111,4 %-ды құрады.

Мемлекеттік меншік ұйымдарымен және кәсіпорындарымен 2012 жылы 1,1 млн. м² тұрғын үй пайдалануға тапсырылды. Республика бойынша пайдалануға барлығы 58,3 мың пәтер, оның ішінде 23,4 мың жеке тұрғын үйлер тапсырылды.

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың кезегінде тұрғандар үшін жалға берілетін тұрғын үйді салуға 2012 жылы республикалық бюджеттен 19,6 млрд.теңге сомасында нысаналы трансферттер түріндегі қаражат бөлінді. 2012 жылы іске қосуға жоспарланған 150 мың. м², пайдалануға және сатып алуға 151,6 мың. м² пәтері берілді.

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне жас отбасылар үшін жалға берілетін тұрғын үйді салуға республикалық бюджеттен 2012 жылы сомасы 13,2 млрд.теңге нысаналы трансферттер бөлінген. Жас отбасылары үшін тұрғын үйді іске қосу 2013 жылға жоспарланған.

Жергілікті атқарушы органдарға республикалық бюджеттен кредит қаражаты есебінен тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы салуға және іске асыруға 42,1 млрд.теңге бөлінді, өңірлермен игерілгені 34,0 млрд.теңге. Кредиттік тұрғын үйдің 2012 жылы іске қосуға көзделгені 245 мың м² құрады, 167,7 мың м² тұрғын үй (жоспардың орындалмау себептері: Мемлекеттік комиссия актілеріне кеш қол қойылу, аумақты абаттандыру бойынша (қысқы кезеңде) жұмыстардың аяқталмауы, ЖСҚ түзетілуі, жылумен жабдықтау желісінің болмауы, мердігерлердің жұмыстарды жүргізу кестесін бұзуы).

Республикада тұрғын үй құрылысы проблемаларын кешенді шешу мақсатында аудандарды инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның тұрғын үй құрылысымен қамтамасыз етуге

бағытталған жұмыс жүргізіледі. 2012 жылы республикалық бюджеттен көрсетілген мақсаттарға сомасы 57,0 млрд.теңге нысаналы трансферттер бөлінді, сомасы 56,1 млрд.теңге өңірлермен игерілді.

Экономиканың тұрақты және теңгерімделген өсуін қамтамасыз ету мақсатында әртараптандыру мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы 2010 жылдан бастап Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. 2012 жылы ҰИИДМБ шеңберінде 17 бағдарламаны іске асыру үшін 842,2 млрд.теңге бөлінді, оның 834,1 млрд.теңгесі пайдаланылды. **(14 - слайд)**

ҰИИДМБ шеңберінде іске асырылатын 17 бағдарламаның негізгісінің бірі Қазақстандық индустрияландыру картасы болды.

Қазіргі таңда Индустрияландыру картасы 401 мың жұмыс орнынан артығын құра отырып 11,2 трлн.теңге сомаға 779 жобаны қамтиды.

Индустрияландыру картасы шеңберінде 3 жыл ішінде жалпы сомасы 2,1 трлн. теңге 537 жобалар енгізілді, 57 мыңнан астам тұрақты жұмыс орындары құрылды.

Есеп айырысулар көрсетіп отырғандай, Индустрияландыру картасы жобаларының салымы 2012 жылы ЖІӨ өсуінде (5%-дың) 1,3%-ын құрады.

Индустрияландыру картасының жобалары 3 жылда 1,7 трлн. теңге, оның ішінде 2012 жылы – 913 млрд. теңге өнімді өндірді. Бұл өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемінің 5,5%-ы.

2011 жылдан бастап жаңа бәсекеге қабілетті өндірістерді

құру, қолданыстағы өндірістерді жаңғырту үшін еңбек өнімділігін арттыру мақсатында және «Өнімділік 2020» бағдарламасына қазіргі заманғы басқару технологияларын сөзсіз енгізу мақсатында жалпы сомасы 152,6 млрд.теңге 51 инвестициялық жоба, оның ішінде 2012 жылы жалпы сомасы 74,3 млрд.теңге - 25 жоба енгізілді.

«Экспорттаушы -2020» бағдарламасы шеңберінде экономиканың шикізаттық емес секторының экспортқа бағытталған және қолданыстағы экспорттаушы кәсіпорындарын кешенді қолдауды қамтамасыз ету үшін қазақстандық өнім экспорты географиясының кеңеюі мен көлемдерінің ұлғаюына 2010 жылдан бастап 2012 жылды қоса алғанда сомасы 530 млн.теңгеден жоғары, оның ішінде 2012 жылы сомасы 291,2 млн.теңгеге 131 экспорттаушыға шығындар өтелді. 2012 жылы шетелдік инвестор компанияларды тарту және Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерін таныстыру мақсатында іскер топтардың қатысуымен 16 инвестициялық іс-шаралар, оның ішінде 6 шетелде және Қазақстанда 10 өткізілді, нәтижесінде негізгі капиталдан инвестициялау көлемі 597 млрд.теңгені құрады, бұл 2011 жылғы көрсеткіштен 18,1%-ға көп.

Отандық бизнесті қолдау үшін «Бизнестің жол картасы 2020» Бағдарламасы ойдағыдай іске асырылуда. Қазіргі таңда кәсіпкерлердің 30 мыңнан астамы қолдау шараларымен қамтылған. Бағдарламаны іске асыру барысында 2010 жылдан бастап 2012 жылды қоса алғандағы кезеңде субсидиялауға барлығы үш бағыт бойынша жалпы сомасы 650 млрд. теңге 2574

жобалар мақұлданды. Кепілдік бойынша жалпы сомасы 18,9 млрд. теңге 136 жоба мақұлданды. Өндірістік инфрақұрылымды салу мен реконструкциялау жалпы сомасы 78,3 млрд. теңге инвестицияға 409 кәсіпорын үшін жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына жолдауында ауыл шаруашылығы өнімдеріне жаһанды сұраныс өсіп келе жатқан кезде оған деген мұқтаждық ерекше ұлғая түсетін ауыл шаруашылығын ауқымды жаңғырту қажеттігін деп атап көрсетті.

(15 - слайд)

Елдің агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға 2012 жылы республикалық бюджеттен 193,3 млрд.теңге бөлінді. Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылуы 1 938,9 млрд.теңгені құрады, бұл 2011 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 17,8 %-ға аз, оның ішінде мал шаруашылығы – 1 015,6 млрд.теңге, өсімдік шаруашылығы – 917,6 млрд.теңге. 2012 жылғы жағымсыз ауа райының жағдайлары осы көрсеткіштің төмендеуінің негізгі себебі болып табылады.

Ұлғал ресурстарын сақтайтын технологияларды енгізу арқасында едәуір жақсы өнім жиналды (12,9 млн. тонна астық). Бұл өткен жылмен салыстырғанда азырақ, алайда ішкі нарықтың талаптарын қамтамасыз ету үшін жеткілікті. 2012 жылдың қорытындылары бойынша экспортқа 11 млн.тонна тиелді, бұл тәуелсіздік жылдарындағы рекордтық көрсеткіш болып табылады. Майлы дақылдардың жалпы жинағы 976,8 мың тоннаны құрады, бұл 197%-ға ішкі талаптарды қамтамасыз етеді.

Мал шаруашылығына қатысты айтатын болсақ, мұнда

құрғақшылықтан зардап шеккен облыстарға 2012 жылы құрғақшылықтың салдарларын болдырмау және мал басын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында (Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Қостанай) қыстау кезеңінде аналық мал басын ұстауға шығындарды өтеу үшін 1,5 млрд. теңге бөлінді.

Ауыл шаруашылығы құрылымдарында ет өндіру көлемі 13 %-ға, сүт 13,2 %-ға, жүн 5,6 %-ға ұлғайғанын атап өту қажет. Мемлекет мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыру мақсатында асыл тұқымды шаруашылықты субсидиялау жолымен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қолдауды жалғастырып келеді. 2012 жылы бөлінген субсидиялардың жалпы көлемі 31,5 млрд.теңгені құрады.

Аграрлық құрылымдарда мал басының саны 2012 жылы орташа 12,5 %-ға, ал мал шаруашылығы өнімдерін өндіру 13 %-ға өсті.

Етті экспорттау әлеуетін дамыту бағдарламасы ірі қара мал санын көбейтуге оң әсер етті. Мәселен, егер 2010 жылғы 1 қаңтарда фермер қожалықтарында ірі қара мал басы бар болғаны 780,7 мың басты құраған болса, 2012 жылдың қорытындылары бойынша бас саны 50 %-ға өсті және шамамен 1,2 млн.басты құрады. Бұл осы бағытты мемлекеттік қолдаудың тиімділігі мен нәтижесін көрсетіп отыр.

Соңғы жылдар ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында да өндірістің тұрақты өсуі байқалады. 2011 жылмен салыстырғанда тамақ өнімдерін өндіру көлемі 3 %-ға өсті және 833 млрд. теңгені құрады.

Көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру Қазақстан Республикасының Көлік стратегиясы шеңберінде жүзеге асырылды және Қазақстанда тиімді, бәсекеге қабілетті көлік инфрақұрылымын құруға, оны әлемдік көлік инфрақұрылымымен ықпалдастыруға және еліміздің транзиттік әлеуетін барынша іске асыруға бағытталды. **(16-слайд)**

2012 жылы осы мақсатта жалпы пайдаланымдағы автожолдарды дамытуға 282 млрд.теңге бөлінген болатын. Бөлінген қаражат есебінен 7,8 мың шақырымнан астам, оның ішінде 4,2 мың шақырымы республикалық желідегі автожолдар жөндеу жұмыстарымен қамтылды.

Тұтас алғанда барлық реконструкциялау объектілері бойынша ағымдағы жылы шамамен 260 шақырым пайдалануға берілді. 1 164 шақырым республикалық маңызы бар жол күрделі және орташа жөндеу жұмыстарымен қамтылды. «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» жобасы бойынша 2012 жылы 124,4 млрд.теңге және жаңа жолдың 700 шақырымында қозғалыс ашылды. Жобаны толық аяқтау 2015 жылға жоспарланған. **(17-слайд)**

2012 жылы жалпы ұзындығы 439 шақырымдық «Жетіген-Қорғас» және «Өзен-Түркменстанмен мемлекеттік шекарасы» темір жол желілерінің екінші іске қосу кешені объектілерін салу аяқталды. Осы жобалар бойынша 2012 жыл ішінде 29,1 млрд.теңге игерілген, оның ішінде: «Жетіген-Қорғас» 20,7 млрд.теңге, «Өзен-Түркменстанмен мемлекеттік шекарасы» - 8,4 млрд.теңге.

Республикалық бюджеттің тапшылығы 906,5 млрд.теңгені немесе жоспардағы 3,3% -дың орнына жалпы ішкі өнімнің 3,0%-ын құрады. Республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру – 904,6 млрд.теңге – қарыз алу және 1,8 млрд.теңге – бюджет қаражатының қалдығын пайдалану есебінен жүзеге асырылды.

(18-слайд)

Standard&Poor's халықаралық рейтингтік агенттігінің ұсынымдарына сәйкес бюджетке түсетін борыштық жүктеме лимиті 10-15% шегінде болуға тиіс. Бұл көрсеткіштің деңгейі 2013 жылғы 1 қаңтарда 8,5%-ды құрады және рұқсат етілетін аймақта тұр. **(19-слайд)**

Халықаралық критерийлер бойынша, атап айтқанда Маастрихт келісіміне сәйкес мемлекеттік борыш деңгейі жалпы ішкі өнімнің 60%-ынан жоғары болмауы тиіс. Осы көрсеткіштің деңгейі 12,2%-ды құрады.

Осылайша борыш елге қауіпсіз деңгейде тұр.

Баяндамамды қорыта келе, 2012 жылы жүргізілген бақылау-тексеру жұмысына тоқталып өтейін.

5 290 бақылау объектісі, оның ішінде 497 республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме, 3 043 жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме және 1 750 шаруашылық жүргізуші субъекті бақылаумен қамтылды. Есепті кезеңде бюджет заңнамасын бұзушылықтардың жалпы сомасы 333,5 млрд.теңгені құрады.

Республикалық бюджет қаражатын пайдалану заңдылығы мәселелері бойынша 2012 жылы бақылау іс-шараларын жүзеге асыру кезінде **497 объектіде 760,1 млрд. теңге қамтылды.**

Жылдың қорытындысы бойынша 83,3 млрд. бұзушылықтар анықталды. Көрсетілген қаражат бюджет заңнамасының және мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың талаптарын бұза отырып, пайдаланылған. Сыныптауышқа сәйкес бұзушылықтар мынадай түрлер бойынша топталады:

31,3 млрд. теңге сомаға объектілерді сараптамадан өтпеген (*жекелеген жағдайларда, белгіленген мерзімнен кеш өткен*) жобалау-сметалық құжаттама бойынша салуға бюджет қаражатын пайдалану , сондай-ақ техникалық-экономикалық негіздемелерсіз және оң экономикалық қорытындыларсыз бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру;

38,9 млрд. теңге сомаға мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде бұзушылықтар;

7,4 млрд. теңге сомаға бюджеттік бағдарламаларды асыру кезінде бюджет қаражатын пайдалану кезінде мақсаттар мен жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізбеуден көрініс тапқан бюджет тиімді пайдаланбау фактілері;

жалпы сомасы 4,4 млрд. теңгеге бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жасау талаптарын бұзу (*салынған және пайдаланылып жатқан құрылыс объектілерін ұйымдардың балансында көрсетпеу және т.б.*);

0,6 млрд. теңге сомаға белгіленген нормативтер мен қағидаларды бұза отырып, пайдаланылған мүлікті, автокөлікті және басқаларды күтіп-ұстауға арналған қаражат;

0,4 млрд. теңге сомаға белгіленген тәртіпті бұза отырып негізгі құралдарды есептен шығару не беру;

160,8 млн. теңгеге еңбекақыны, іссапар шығыстарын және т.б. төлеуді жүзеге асыру кезінде бұзушылықтар;

114,4 млн. теңге сомаға тауар-материалдық құндылықтардың және ақша қаражатының жетіспеуі;

70,0 млн. теңге сомаға бюджетке салықтық емес төлемдерді төлемеуден не уақтылы төлемеуден көрінген заңнама талаптарын сақтамау.

Қабылданған шаралар нәтижесінде бақылау объектілері 6,8 млрд. теңгені (70%) қалпына келтірді және өтеді, оның ішінде заңнама талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп тіркелімдерінде тиісті жазбалар жүргізілді, 6,7 млрд. теңге сомаға жұмыстар орындалды, қызметтер көрсетілді, тауарлар жеткізілді, 0,1 млрд. теңге – бюджетке ақшамен өтелді.

Жол берілген бұзушылықтар үшін 8,6 млн. теңге сомаға айыппұл салына отырып, 83 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, одан республикалық бюджетке 7,3 млн. теңге төленді. Түрлі тәртіптік жауапкершілік шараларына 261 лауазымды тұлға тартылды. Тексерулердің қорытындылары бойынша 182 бақылау материалы процессуалдық шешім қабылдау үшін құқық қорғау органдарына жіберілді, олардың негізінде 14 қылмыстық іс қозғалды.

Назарларыңыз үшін рахмет! Благодарю за внимание!

